

Р. К. Абишев

СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

«Бостандық» ұғымының философиялық негізі адамның табиғи жағдайы және қоғамның жоғары құндылықтарының бірі ретінде түсініледі. Сондықтан да сөз бостандығы құқығы, ең алдымен, адамның субъективті құқығы ретінде танылады. Сөз бостандығының ажырамас табиғи сипаты оны жеке құқықтар қатарына жатқызуға мүмкіндік берсе, оның қоғамның саяси өміріндегі рөлі саяси құқықтар мен бостандықтар қатарынан орын алуына негіздейді. Қазақ қоғамындағы сөз бостандығы туралы түсініктердің туындауының ерекшелігі ол қоғамның дүниетанымымен сипатталды. Себебі қазақ қоғамындағы құқықтық ұғым түсініктерінің қалыптасуы дүниетаным қағидаларымен астарластықта дамыды. Рухани мәдени жүйенің өзегі дүниетанымнан бастау алса, дүниетаным философия шегінде қалыптасады. Өйткені дүниетаным өмір құбылыстарын ұғынып, қабылдаумен айқындалады десек, дүниені, айнала қоршаған орта өміріне деген көзқарастар мен ұғымдар, түсініктердің қалыптасу ерекшеліктері философиялық заңдылықтарға сүйенеді. Демек, дүниетаным философия аясында жүзеге асады.

Философиялық заңдылықтардың қалыптасып өркендеуінің, олардың өзіндік қасиеттері мен қызмет ету мүмкіндіктерінің ашылып көріну шегі дүниетаным шеңберінде жүзеге асады. Философия мен дүниетанымның астарластық мәні жөнінде М.С. Орынбеков келесідей пікір білдіреді: «Философия негізі де, оның көрініс табу аясы да дүниетаным екендігі белгілі. Дүниетаным ақиқатты рухани практикалық тұрғыдан игеру жүйесі болып табылады. Соның ішінде білім мен сенім жиынтығы адамдардың адамгершілік мұраттары мен әлеуметтік мінез-құлық реттегіштері, саяси бағдарлар, қоршаған ортаға деген психологиялық және эстетикалық көзқарас дүниені түсіну және дүниені өзгерту дүниетаным түсінігінен қуат алады. Дүниетаным жеке адам және оның қоғамдағы орны, сана-сезімдік қалпы жайлы ұғымдарының жиынтығы, дүниенің біртұтастығын түсіну нәтижесі болып табылады» [1].

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен қазақ философиясының арасындағы сабақтастық туралы ғалымдар «қазақ философиясы – қазақ халқының дүниені, әлемді тану, игеру, бағалау әдіс – тәсілдерінің, көзқарастарының өзіндік ерекшеліктерінің аясы. Ол қазақтың ұлттық мәдениетінің бар болмыс бітімін қамтитын рухани кеңістік іспеттес.

Қазақ философиясының қалыптасу эволюциясын қазақтың ел болып, ұлт болып қалыптасу процесінің рухани ғұмырнамасы деп айтуға болады. Қазақ философиясы ұлтымыздың бүкіл ішкі рухани әлемін, тіршілік философиясын, сайып келгенде, қазақтың ұлт, ел ретіндегі әлемдік мәдениетте алатын орнын, болмыс жаратылысын бейнелейді және қазақтың өзін - өзі түсінуі үшін қажетті рухани негіз, методологиялық құрал болып есептеледі» деген пікір білдіреді [2].

Қазақи дүниетанымның басты ерекшелігі де осыдан туындайды, яғни қазақтардың дүниетанымы олардың өмір философиясының мәйегі десе де болады. Жалпы, қазақ даласында қалыптасқан қазақи дүниетаным олардың өмір сүру ерекшеліктеріне, нанымдарына, сенімдеріне, шаруашылық ерекшеліктеріне, дүниеге деген көзқарастарына негізделеді. Қазақстандық философ ғалымдар қазақ философиясының қалыптасуының тарихи алғышарттарына қазақ мифтерін, дінді, ұлттық фольклорды, поэзиялық құбылыстарды жатқызады.

Бостандық, теңдік ұғымдары қазақ қоғамының мәдениетінде басты рухани құндылықтардың бірі ретінде болды және бола бермек. Олай дейтін себебіміз, қазақ халқы үшін өмір жағдайларын қамтамасыз етуде теңдікке, еркіндікке қол жеткізу аса маңызды болатын, әсіресе құқықтық тұрғыдан мән берілуі үлкен салмақ жүктейтін. Бұл тұрғыдағы ғалымдар пікірі өзара үйлесімділікте өрбиді.

«... то есть в кочевой культуре для казаха было важно иметь свободу, как для обеспечения своего образа жизни, так и от посягательства на свою жизнь и свободу. Это касается всех сфер жизни, в том числе и правовой» [3].

«Свобода как высшая ценность априори присуща степняку, он не обременен цивилизационными оковами, которые вынуждают человека подчиняться определенным условиям, диктуемым оседлой жизнью. Поэтому свобода, гарантируемая обычным правом, отражала правовую самобытность кочевого образа жизни. Валиханов осознавал необходимость реформирования социальной жизни своего народа, целью которого является прогрессивное развитие, и в то же время очень бережно подходил ко всему тому, что могло ущемить права народа и лишить его свободы. Ведь конечной целью реформ является построение общества, где будет социального неравенства, но будет жить дух свободы и независимости» [4].

Жалпы алғанда, қазақ қоғамында азаттық, бостандық, еркіндік ұғымдары халық үшін жай ғана түсінік емес, қоғамдық, құқықтық өмірде үлкен үлес алатын, маңызды деп танылатын, ұлттың, тұтастай халықтың, еркін білдіретін, олардың танымын сипаттайтын ақиқаты айқын түсініктер болатын. Бұл түсініктерді өмірлерінің әрбір сәтінде кездесер құбылыстардың ажырамас бөлшегі деп таныды. Көшпелілік еркін де азат, бостандықты өмірді қамтамасыз етуші құрал деп ұғынған қазақ халқы. Бұл жөнінде А. Левшин: «Упомянем о закоренелом и впрочем справедливом предубеждении всех киргиз-казахов, что они должны потерять свободу, коль скоро поселиться в домах», деген пікір білдіреді [5].

Қазақ халқының сонау байырғы құқықтық дүниетанымының бір бұрышынан көрініс берген үлкен мәнділікке ие болған бостандық ұғымы бүгінгі құқықтық қоғамда адамға өзінің ішкі әлеміне кедергі келтіруден қорғануға және белгілі бір белсенділік танытуға мүмкіндік беретін өзіндік мінез-құлықты таңдау мүмкіндігін білдіреді. «Все соседи киргиз-казахов управляются или монархическим или деспотическим правлением, все родственные им народы живут в рабстве, достойном сожаления, а они почти совсем не знают подчиненности...» [6].

Көшпелілердің құқықтық санасында орын алған бостандық, теңдік мәселелерінің құқықтық сипаты өзге мемлекеттерде қандай қырынан көрініс берген. Мұндай ұғымдар мен түсініктердің олардың қоғамының түсініп қабылдауында қандай мәнде болған деген мәселе төңірегінде ой қозғар болсақ, ағылшындар бостандық ұғымын, ең алдымен жеке бастың бостандығы ретінде қабылдады. Өзін-өзі еркін билеу, еркін жүріп-тұру ең қарапайым қажеттілік деп түсінілді.

Қайсыбір кезеңдерде бостандығы мен еркі бар адамдар ретінде тек алғашқы қауым мүшелері ғана танылып, бұл мәртебе әйелдердің, құлдардың, өзге елден келген келімсектердің үлесіне тимеген, өйткені олар қауым мүшелігінде болмаған, танылмаған. Ал гректер мен римдіктерде мемлекет азаматтары ғана бостандық пен еркіндікті иеленген. Римдіктерде де, гректерде де барлық адамдар тең дәрежеде бостандыққа ие болу керек деген түсініктен тіптен аулақта болатын. Бұл артықшылықтар арнайы құқықтық тұрғыдан бекітілген болуға тиіс [7].

Байқап отырсақ, көшпелілер мен жоғарыда келтірілген елдердегі бұл ұғымдарды қоғамның қабылдауының да өзіндік ерекшеліктері бар. Көшпелілердің қоғамдық өмірінің, тұрмыс-тіршілігінің негізгі сипаты бостандықпен айқындалып, басты құндылық деп танылса, біз атап өткен елдерде таптық негіздің сипатын беретін секілді. Демек, мұндай қоғамның жалпы бейнесіне тән емес, ішінара ғана көрініс береді. Ал көшпелілердің құқықтық санасында «алапес» түрде емес, тұтас қалыпта орныққан.

«Сөз теңдігі» ұғымының мәнін түсінуде, оның құқықтық қырын ашуда қазақ қоғамында өзіндік түсінік қалыптасқан. Сөз теңдігі мен сөз бостандығын өзара жеке ұғымдар ретінде қабылдаған. Бұл ұғымдардың құқықтық мәнін бір мағынада қолданбаған. Көшпелі қазақ қоғамында сөзге бостандық тек жас балаларға ғана берілген. Жас балалардың тілін шығаруға, сөйлеуіне жағдай жасалып, оларға не айтса да сөздеріне еркіндік беріліп, рұқсат етілген.

Бұдан сөз бостандығы берілген бұл жағдайлардың салдары қандай болса да жауапкершілік тудырмаған деуге болады. Кейін келе жас баланың ақылы толып, ес кіре бастаған сәттен бастап оған көпшілік арасында сөздің ретін ұғынуға, сөздің теңдігіне қол жеткізуге, яғни сөз теңдігін ала білуге, сөзді қадірлеп бағалай білуге тәрбиелеген. Сөз теңдігіне қандай жағдайларда қажеттілік туындайтындығына, қандай тәртіп негізінде сөз теңдігіне қол жеткізілетіндігіне, сондай-ақ қандай сөзге теңдік берілетіндігіне өскелең ұрпақты тәрбиелеп, баулыған.

Сөз теңдігінің рухани құқықтық құндылық ретіндегі мәнін, маңызын жойып алмау жағдайларын, оның алдын алу шараларын сараптаған. Сөз теңдігі ұғымының ең басты мәні қоғам өмірінің барлық саласындағы қоғам мүшелерінің құқықтық қатынастарындағы олардың өзара рухани теңдігі деп танылып, құқықтық санада орнығуымен түсіндірілді. Көпшілік алдында сөз сөйлеу, жеке пікір білдіру мүмкіндігін алуға деген тең құқылық қоғам өмірінің қай саласында болмасын әрекет етті.

Халық қоғамда қалыптасып сақталған мұндай құқықтық ұғымдар мен қағидалар нақты өмір жағдайларын құқықтық тұрғыдан шешуге мүмкіндік тудыратындығына әбден сенімді болған. Өйткені қоғам мүшелері өмір өткелдерінің шиеленіскен тұстарында осы құқықтық қағидаларға толықтай арқа сүйей алатындығына көз жеткізген шақта ғана оған мойын ұсынып мойындаған болар еді.

Қазақ қоғамында сөз теңдігі мен сөз бостандығы ұғымдары өзара байланыстылықта қаралғанымен жеке түсінік ретінде өзіндік мәнге ие болды десек, өзге шетел мемлекеттерінде бұл ұғым жеке дара категория ретінде танылған. Философиялық тұрғыда бостандық қажеттілік, ерік және жауапкершілік деген түсініктермен қатар қолданылды.

Өйткені француз философы П. Гольбах өз талдауларында: «Во всех своих поступках человек подчиняется необходимости... его свобода воли есть химера», деп тұжырымдайды [8]. Бұл түсінікке

қатысты екінші бір пікір білдірген Т. Гоббс тұжырымдарын: «... Свобода есть отсутствие всяких препятствий к действию, поскольку они не содержатся в природе и во внутренних качествах действующего субъекта», - деп түйіндейді [9]. Осы түсініктерді негізге ала отырып қазіргі зерттеуші ғалымдар бостандық ұғымының мәнін кең мағынада субъектінің әрекетіне кедергі келтіруші шектеулердің болмауы деген тұжырымға келді.

«Сөз бостандығы» негізі философиялық ілімді қамтитын тарихи тамыры терең жеке категория ретінде үлкен мәнге ие. Бұл категорияға қатысты алғашқы пікірлер мен ілімдер антика дәуіріне тән. Ежелгі Грекия мен Ежелгі Рим қайталанбас шебер тілді шешендерімен танылған. Бұл шешендік өнердің туындауы қоғамдық мүдде мен биліктің жүзеге асу және басқару мәселелерін талдаушы органын (публика) пайда болуымен сабақтастықта орын алған болатын.

Құл иеленуші қоғамның құлдырау кезеңінде сөз бостандығы туралы идеялардың өзектілігі одан әрі дами түсті. Өйткені бұл кезеңде әлеуметтік әділеттілік үшін күресуші христиан шіркеулерінің рөлі артып тұрған болатын. Олардың басты бағыты дінді қате түсініктерден ажыратып алу болды, сондықтан да осы кезеңдерде шіркеулер тыйым салған кітаптар тізімі пайда бола бастады да, бұл өз кезегінде цензураның туындауына негіз болды.

Қайта өрлеу дәуірі адам құқықтары мен бостандықтары үшін күресулермен ерекшеленді. Адам құқықтары мен бостандықтарының қоғамның басты құндылықтары ретінде танылуы үшін жүргізілген қозғалыстар нәтижесі цензураның ақиқат пен шындықты дәріптеп жеткізуде кедергі бола алмайтындығын дәлелдеді.

1688 жылғы ағылшын парламенті сөз бен ой бостандығының қағидаларын қалыптастырушы негізгі құжатты – құқық туралы Билльді қабылдады. Бұл құжатта «сөз бостандығы» алғаш рет заңи термин ретінде бекітілді. Франциядағы сөз бостандығы идеясының қалыптасуы адам және азаматтың құқықтары Декларациясында көрініс тапты. Бұл құжатта: «Свободное выражение мысли и мнений является одним из наиболее ценных прав человека. Каждый гражданин вправе, следовательно, свободно говорить, писать и печатать, отвечая за злоупотребления этой свободой в определенных законами случаях» [10]. Демек, бұл құжатта аталмыш бостандыққа қол жеткізілгендігімен қатар сөз бостандығының өз шегінен шығуы салдарынан жауапкершіліктің туындайтындығы да қарастырылған.

Америка Құрама Штаттарында сөз бостандығы идеясының негізі 1787 жылғы Конституциясымен байланысады. «Конгресс не должен издавать законов, ... ограничивающих свободу слова или печати или право народа мирно собираться и обращаться к Правительству с петициями об удовлетворении жалоб» деп көрсетілуі сөз бостандығының құқықтық тұрғыдан нақтыланғандығын көрсетеді [11, 30 с.].

Демек, адам құқығына қатысты тұжырымдар мен идеялардың пайда болуы мен дамуы әлемнің әр аймағында әртүрлі кезеңдерде орын алады. Бұл сол немесе өзге де өркениетті сипаттаушы қоғамдық дүниетаным, дін, философия және мәдениеттің ерекшелігімен өлшенеді. Қазіргі таңда әлемнің көптеген мемлекеттері сөз бостандығының саяси және әлеуметтік маңызын мойындап, негізгі заңдарында сөз және ой бостандығы құқығы ретінде бекіткен.

Бұл құқықтың мойындалып құрметтелуі демократияның ажырамас белгісі ретінде танылады. Ой және сөз бостандығы құқығы көптеген шетелдердің Конституцияларында бекітілгенімен оны түсіну мен бекітілу тәсілдері сан алуан.

1. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 168 б.

2. Раев Д.Р. Қазақ философиясындағы шешендік сөздің болмысы // Адам әлемі. – 1999. - № 2. – 31-44 бб.

3. Кабыкенова Б.С. Идея свободы в истории философии права. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 310 с.

4. Абильтин Ж.М., Орынбеков М.С. Идея общественного прогресса в наследии Ч. Валиханова // Ч. Валиханов и современность: Сборник материалов Всесоюзной научной конференции, посвященной 150- летию со дня рождения Ч.Валиханова. - Алма-Ата, 1988.

5. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. - Алматы: Жеті Жарғы, 1997- 192 б.

6. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / Под общей ред. М.К.Козыбаева.- Алматы: Санат, 1996. - 374 с.

7. Аландский П.И. История Греции. - Киев, 1898.

8. Гольбах П. Здравый смысл. - М., 1941. - С. 60.

9. Гоббс Т. О свободе и необходимости // Избранные произведения: В 2-х т. М., 1964. Т. 1. - С. 556.

10. Конституции Зарубежных государств. - М., 1996. - С. 136.

This article addresses questions about the development of ideas about freedom of speech and thought.

В данной статье рассматриваются вопросы о развитии идеи о праве свободы слова и мысли.